

Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 3-1-65қ "Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі қосымша шаралар туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 6 мамырдағы N 3-1-323қ Қаулысы. Астана қаласы Әділет департаментінде 2005 жылғы 31 мамырда N 389 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 158-158 қаулысымен

Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 3-1-65қ "Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі қосымша шаралар туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 01.02.2017 № 158-158 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", " Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына, " Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі шараларды кеңейту мақсатында, Астана қаласының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 3-1-65қ "Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі қосымша шаралар туралы" (Астана қаласының Әділет департаментінде 2004 жылғы 26 қаңтарда N 308 болып тіркелген; 2004 жылғы 12 ақпандағы N 21 "Астана хабары ", 2004 жылғы 27 наурыздағы N 34 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) жоғарыда аталған қаулыдағы:

1-тармақта "бекітілсін" сөзінен кейін "(1-қосымша)" цифрымен және сөзімен толықтырылсын;

2-тармақта "бекітілсін" сөзінен кейін "(2-қосымша)" цифрымен және сөзімен толықтырылсын;

3-тармақта :

"Астана қаласының Еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау

департаменті" сөздері "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" мемлекеттік мекемесі" сөздерімен ауыстырылсын;

"3033" цифрлары алынып тасталсын;

4-тармақ алынып тасталсын;

6-тармақтағы "Т.М. Мұхамеджановқа" сөздері "С.С. Мұстафинаға" сөздерімен ауыстырылсын;

2) қаулының мынадай мазмұндағы 2-1 тармақтарымен осы қаулының қосымшасына сәйкес толықтырылсын:

"2-1 Қоса беріліп отырған Жастардың кәсіп таңдау дағдыларына оқыту Қағидасы бекітілсін (3-қосымша)";

3) аталған қаулымен бекітілген Жұмыссыз жастар үшін кәсіби дипломнан кейінгі тәжірибені ұйымдастыру Қағидасында :

2-тармақтағы "Астана қаласының Еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау департаменті" сөздері "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" мемлекеттік мекемесі" сөздерімен ауыстырылсын;

23-тармақтағы "3033" цифрлары алынып тасталсын;

24-тармақтағы "3032" цифрлары алынып тасталсын;

25, 27-тармақтардағы "2004 жылға" цифрлары мен сөздері "тиісті қаржы жылына" сөздерімен ауыстырылсын;

Қағиданың 1-қосымшасындағы :

преамбулада "2004" цифрлары "200_ " цифрларымен ауыстырылсын;

бірінші азат жолдағы:

"Астана қаласының Еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау департаменті" сөздері "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" мемлекеттік мекемесі" сөздерімен ауыстырылсын;

"2004 жылы" цифрлары мен сөздері алынып тасталсын;

2-тармақтың 2-тармақшасындағы: "2004 жылға арналған" цифрлары мен сөздері "тиісті қаржы жылына" сөздерімен ауыстырылсын;

9-тармақтағы "2004" цифрлары "200_ " цифрларымен ауыстырылсын;

6-тарауда:

"Астана қаласының Еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау департаменті" сөздері "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" мемлекеттік мекемесі" сөздерімен ауыстырылсын;

"Қазынашылық комитеті" сөздері "Қазынашылық департаменті" сөздерімен ауыстырылсын;

"2004" цифрлары "200_ " цифрларымен ауыстырылсын;

Қағиданың 2-қосымшасындағы :

"2004" цифрлары "200_ " цифрларымен ауыстырылсын;

"Астана қаласының Еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау департаменті" сөздері "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" сөздері мемлекеттік мекемесі" сөздерімен ауыстырылсын;

Қағиданың 3-қосымшасындағы :

преамбулада:

"Астана қаласының Еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау департаменті" сөздері "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" мемлекеттік мекемесі" сөздерімен ауыстырылсын;

"бастығы" сөзі "директоры" сөзімен ауыстырылсын;

8-тармақтағы "2004" цифрлары "200_ " цифрларымен ауыстырылсын;

4-тараудағы:

"Астана қаласының Еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау департаменті" сөздері "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" мемлекеттік мекемесі" сөздерімен ауыстырылсын;

"Қазынашылық комитеті" сөздері "Қазынашылық департаменті" сөздерімен ауыстырылсын;

"2004" цифрлары "200_ " цифрларымен ауыстырылсын;

4) аталған қаулымен бекітілген Оқитын жастар үшін ақылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастыру және өткізу Қағидасында :

4-тармақта:

"Астана қаласының Еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау департаменті" сөздері "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" мемлекеттік мекемесі" сөздерімен ауыстырылсын;

"3033" цифрлары алынып тасталсын;

11, 12-тармақтардағы "2004 жылға арналған" цифрлары мен сөздері "тиісті қаржы жылына" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 25 ақпандағы

№ 3-1-149қ "Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 9 қаңтардағы

№ 3-1-65қ "Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі қосымша шаралар туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" қаулысының күші жойылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары С.С. Мұстафинаға жүктелсін.

Әкім

Әкімнің бірінші орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкім аппаратының басшысы
"Астана қаласының Қаржы департаменті
мемлекеттік мекемесінің директоры
Құжаттамалық сараптама
бөлімінің меңгерушісі
"Астана қаласының Экономика
және бюджеттік жоспарлау
департаменті" мемлекеттік
мекемесінің директоры
"Астана қаласының Жұмыспен қамту
және әлеуметтік бағдарламалар
департаменті" мемлекеттік
мекемесінің директоры
КЕЛІСІЛДІ:
"Астана қаласының Білім департаменті"
мемлекеттік мекемесі директорының
міндетін атқарушы

Астана қаласы әкімдігінің
2005 жылғы 6 мамырдағы
N 3-1-323қ қаулысымен
бекітілді
Астана қаласы әкімдігінің
2004 жылғы 9 қаңтардағы
N 3-1-65қ қаулысына
3-қосымша

Жастарды кәсіп таңдау дағдыларына оқыту ҚАҒИДАСЫ

Осы Жастарды кәсіп таңдау дағдыларына оқыту Қағидасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, Астана қаласының еңбек нарығы қажеттілігіне бағытталған оқитын және жұмыссыз жастардың саналы түрде кәсіпті немесе іс-әрекет түрін таңдау, сондай-ақ жастардың кәсіпкерлік қызметінің негізіне оқыту мақсатында әзірленді

Жастарды кәсіп таңдау дағдыларына оқытуды ұйымдастыру (бұдан әрі - Оқыту) жастарды еңбек нарығына бейімделу үшін жүргізіледі және азаматтарды әлеуметтік қорғау бағыттары мен оларды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу қосымша шараларының бірі болып табылады.

1. Жалпы ережелер

1. "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Департамент) Департаментте тіркелген жұмыссыз жастар арасында сондай-ақ қаланың жалпы білім беретін орта мектептерінің 9-11 сынып оқушылары мен бастауыш және орта кәсіби білім беру оқу орындарының бітіру курсы арасында Оқытуды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі жұмысты жүзеге асырады (бұдан әрі - Жастар).

2. Оқытуды өткізу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру "Жұмыспен қамту бағдарламасы" бюджеттік бағдарламасы бойынша Астана қаласының бюджетінде қарастырылған қаражаттар шегінде жүзеге асырылады.

2. Оқытуды ұйымдастыру

3. Жастардың саналы түрде кәсіп таңдауды даярлау және Оқыту өткізуді жүзеге асыру үшін Департамент Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте іріктеу өткізеді және білім беру қызметтерін көрсетуге шарт жасайтын білім беру ұйымын (бұдан әрі - Орындаушы) анықтайды. Шартта оқытылатын Жастардың болжанған саны, орындаушы оқытуды жүзеге асыратын бағдарламалар тізімін, Жастарды білімдермен, саналы түрде кәсіп таңдау және жұмысты білікті іздеу не болмаса іс-әрекеттер түрін таңдауға қажетті дағдылар мен машықтармен қамтамасыз етілетін міндеттемелер, сондай-ақ оқыту құны көзделуі қажет.

4. Департамент "Астана қаласының Білім департаменті" мемлекеттік мекемесімен бірігіп сауалнама жүргізу жолымен Оқытудан өтуге тілек білдіруші Жастар санынан анықтайды, тіркейді және оны Орындаушыға бағыттайды.

5. Орындаушы Департаментпен келіскен бағдарламалар бойынша тәжірибелік оқыту және психологиялық тренингтер түрі негізінде Жастарға бағытталған Оқытуды жүзеге асырады:

1) "Кәсіптік бағдар және іскерлік қарым-қатынастар әдебі" бағдарламасы бойынша - жалпы білім беретін оқушылар үшін;

2) "Еңбек қызметіне бейімделу" бағдарламасы бойынша - бастауыш және орта кәсіптік білім беру оқу орындарының түлектері үшін;

3) "Нақты өмір" бағдарламасы бойынша - жұмыссыз жастар үшін.

6. Оқыту аяқталған соң Орындаушы аяқталу туралы сертификат береді.

7. "Орындаушымен" көрсетілген қызметтер төлемі орындалған жұмыстар актілері мен төлемге берілген шоттардың негізінде, деректер бойынша оның есеп-айырысу шотына қаражаттарды аудару жолымен жүргізіледі.

8. Департамент Орындаушымен оқыту мерзімінің сақталуын, оқу

бағдарламасының орындалуын және Оқыту өткізілуін, бюджеттік қаражаттардың мақсатты пайдалануын бақылауды жүзеге асырады, өткізілген Оқыту бойынша статистикалық есептерді жүргізеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК